

B00067 26.10.2020

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПКЕ ДАЯРЛАУДА МНЕМОТЕХНИКА ӘДІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*УМБЕТАЛИЕВА ЛЯЙЛЯ КОНУРБЕКОВНА
Жамбыл облысы, Шу қаласы КМҚК "Мөлдір"
бөбекжай бақшасы. Тәрбиеші*

Мнемотехника - тіл дамытуда тиімді есте сақтау,оны дұрыс жеткізе білудегі әдіс пен тәсілдер жүйесі. Қазіргі кезде мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда мнемотехниканы қолдану өзекті болып тұр. Бұл мақсатты іске асыру үшін, баланың тілін дамытуға әртүрлі тәсілдер мен әдістерді қолдану қажет. Қойылған мақсатты нәтижелі етуге қолданылатын тәсілдер:

- Көрнекіліктер, дидактикалық ойындар; суреттер; буындық кестелер; тірек-сызба; үлгілер т.б/

- «ЖИНАҚТАУШЫ»-сөйлеу материалдарын безендіру.

- жаңылтпаштар, тақпақтар, жұмбақтар, саусақ гимнастикасы, тыныс алу жаттығулары, т.б/-.

Балабақша жасында көрнекілік-бейнелік есте сақтау және есту , суретін көру арқылы баланың есінде нақты қалады. Соның бірі мнемотехника. Мнемотехника - балалардың қоршаған орта, табиғат туралы білімін кеңейтуге, әнгіменің барысын тиімді есте сақтауға, әнгімені айтып беруге және тіл дамытудағы іс-әрекеттерінің жүйесі.

Мнемотехника - оңай жолдан қиынына қарай құрылады. Жұмысты ең оңай мнемоквадраттан бастап, жай ғана мнеможолдарға өтіп, сосын мнемокестеге өту қажет.

Мнемокестенің мазмұны - ол графикалық немесе жартылай графикалық ертегі кейіпкерінің бейнесінің, табиғат құбылысының кейбір іс-әрекетінің, басты мазмұнды әнгіменің сюжеті. Ең бастысы – көрнекілік, тірек-сызба, бейнелеген суретіміз балаға түсінікті болуды жеткізу.

Ұсақ моториканы дамытудың маңыздылығы неде? Адамның бас миында саусақ қимылына және сөйлеуге жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқан. Ұсақ моторикаға әсер ете және оны белсендіре отырып, көрші орналасқан сөйлеуге жауап беретін орталықты да дамыта аламыз.

Педагогтар мен балалар психологының мақсаты- ата – аналарға ұсақ моториканы дамыту ойындарының маңыздылығын ұғындыру. Баланы қызықтыруда және жаңа хабарларды игеруіне көмектесуде үйретуді ойынмен алмастыру, алға қойған мақсатына жетуін, тапсырманы орындауда қиындыққа кездесе мойымауына үйрете отырып, аз мөлшердегі жетістіктерін де бағалап, мадақтап қоюды да ұмытпауы керек.

Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. Осыдан келіп қол қимылдарын басқара білу туады. Сондықтан ешқашан да баланы мәжбүрлеуге болмайды.

Бүгінгі күнде балаларында жалпы моторлық артта қалушық байқалады, өйткені балабақшадағы балалардың ешбірінде баулы аяқ киім кездеспейді.

Бау байлауды үйрету ата- анаға да, тәрбиешіге де қиындық туғызатын болса керек. Осыдан 20 жыл бұрын ата- аналарға, олармен қоса олардың балаларына көп нәрсені қолмен жасауға тура келді: кір жуу, тоқу, тігу т.б. Ал қазіргі кезде осының бәрін жасайтын машина.

Жалпы моториканың дамуының аздығын, соның ішінде қол қимылының аздық себебін зерттей келе қазіргі заманғы барлық баланың жазуға дайын еместігі немесе тілінің дамуында бір ақау бар екендігі анықталды. Осыдан келе мынадай қорытынды шығаруға болады: егер тілінің дамуында ақау болса, онда бұл ұсақ моториканың мәселесі.

Тіпті баланың сөйлеу тілі қалыпты болған жағдайда бұл қолын басқаруы қалыпты деген сөз емес. Егер 4 - 5 жастағы балада бау байлау қиындық келтірсе, ал, ермексаздан тек шар мен ұзынша жабыстырылса, және 6 жаста тиек тігу- орындалмас және қауіпті іс болса, онда сіздің балаңыз кінәлі емес.

Өкінішке орай көп ата- ана қолдың икемі мен ұсақ моториканың даму деңгейінің төмендігін тек мектепке барарда ғана байқайды. Бұл балаға өте ауыр жүк. Жаңа хабарларды қабылдаумен қатар, икемге келмейтін саусақтарымен қарандашпен жазып үйренуі керек.

Кішкентай ғана сәбидің қалайтыны қозғалу, қозғалыс - әлемді танудың мүмкіндігі. Яғни, бала қозғалысының дәл және нақты болса, оның әлемді ақылмен тануы да терең бола түспек.

Егер сіз бірінші сынып оқушысында жазуда қиындық болмасын десеңіз немесе 3 жастағы баланың тілінің дамуында ақау болмасын десеңіз дамыту ойын – жаттығуларын бала туылған соң екі айдан кейін бастаңыз. Ұсақ моториканы дамыту әдістемесі мұндай жағдайда өте тиімді. Омыраудағы баланың саусақтарын уқалауға болады, жас жарымдағы баламен саусақ ойындарын бастауға болады.

Пассивті жаттығу – ұсақ мотоиканы дамытудың алғашқы сатысы. Саусақ жаттығуларын ең төменгі деңгейден бастаған дұрыс. Содан кейін ғана активті саусақ жаттығуларына көшуұсынылады. Оныңдеңгейі баланың ұсақ моторикасының даму деңгейіне қарай таңдалады. Қол саусақтарына арналған пассивті жаттығулар жасау кезінде балаға қолайсыз жағдай туғызбауын және тітіркендіпмеуін қадағалаған жөн. Жаттығулардың мақсатты пайдаланылуы мынадай әдістерді ұсынады: сипау, жаймен уқалау және діріл. Массажды әрекеттер саусақ ұшынан басталып төменгі буынға қарай жалғасады. Массаж жасау кезінде жай лирикалық әуен қоюға да болады.

B00068 26.10.2020

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТИІМДІЛІГІ

ЕСЕНОВА ГУЛДАУРЕН ЖУНЕЛБЕКОВНА

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы № 48 орта мектебі

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазіргі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласын заман талабына сай дамыту соншалықты уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, технологиялармен қамтамасыз ету болып отыр. Жетекші ғалымдар мен практиктер жүргізген көптеген психологиялық-педагогикалық зерттеулер нақты мектепке дейінгі жасты зияткерлік, тұлғалық, әлеуметтік, эмоционалдық дамуын стратегиясымен үздіксіз байланысты екендігін және мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескере отырып, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғырту, дамыту ісіне ерекше көңіл бөлді.

Білім – теңіз, оның тереңіне құпиясын ашатындар ғана бойлай алмақ. Ондай адамдарды дайындайтын, білім, тәрбие беретін бала жанының бағбаны – тәрбиеші. Ал ұстаз білімді бала санасына сабақ арқылы жеткізеді.

Ол – ұстаздың бір-біріне ұқсамайтын жан-жақты өткізген сабақтары.

Жас ұрпақты рухани - адамгершілікке тәрбиелеу, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнының құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі-маңызды мәселелердің бірі. Шығармашылық деңгейде балалардың іздену нәтижесінен қалыптастырған ұғым, түсініктерінің, қияли мен белсенді ой-еңбегінің нәтижесінде жаңаша, бұған дейін болмаған, белгілі бір дәрежеде олардың жеке басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына бағытталған тапсырмалар. Оқыту технологиясы педагогтардың эмперикалық инновацияларын ескере отырып, оқыту үрдісін дұрыс, ұтымды басқаруды қарастырады. Оған өзара бір-бірімен байланысты екі үрдіс енеді: білім алушының іс - әрекетін ұйымдастыру және бала тұлғасын дамытудағы жоғары нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған іс-әрекетті бақылау.

Тәрбиеленушілердің сабаққа қатыспаушылығын болдырмау шараларын кешенді түрде қарастыру. Оның ғылыми- әдістемелік, оқыту-әдістемелік, ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарда ұстау;

Жаңа педагогикалық технологиялармен инновациялық іс-әрекеттің негізгі заңдылықтары мен қағидаларын дұрыс қолдана білуге, шығармашылық ойлауға, кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің құндылық қарым - қатынасын қалыптастыруға, ұстаз шеберлігіне жету жолдары мен шараларын жете түсінуге үйренеді.

Қашықтан оқыту – бұл әдеттегі күндіз немесе сырттай оқудан көп айырмашылығы бар оқытудың жаңа, арнайы формасы. Ол оқушы мен мұғалімнің, оқушылардың өзара қарым-қатынасының өзгеше формасын, өзгеше оқу құралы мен әдістемені, оқытуды ұйымдастырудың өзгеше түрін ұсынады. Сонымен қатар оның құрамы кез-келген оқыту формасында, кезкелген оқыту жүйесінде бар компоненттерден, оқытудың барлық түрінде, әлеуметтік қажеттілікті өтейтін мақсаттардан; оқу орнының түріне қарай қолданыстағы программаларды қамтитын мазмұннан; әдістемелерден, ұйымдастыру формасынан, оқу құралдарынан тұрады.

Қашықтан оқыту формасының соңғы үш компоненті қолданыстағы технологиялық негіздерге (мысалы, тек компьютерлік коммуникацияға, баспа құралымен, компакт дискімен, кейстехнологиямен жабдықталған компьютерлік телекоммуникацияға) қарай айрықшаланған.

Сырттай оқу мен қашықтан оқуды шатастырмау керек. Олардың басты айырмашылығы қашықтан оқытуда жүйелі әрі әсерлі интерактивтік оқыту қамтамасыз етіледі. Қашықтан оқытуды оқудың жаңа бір формасы деп, тиісінше қашықтан білім беруді (оқыту нәтижесі сияқты жүйені де, процестің өзін де) білім берудің жаңа формасы деп қарастыру керек. Әрине, оны басқа оқу жүйелерінің жетілдірілген түрі деп қарауға болмас. Қашықтан оқыту да күндізгі оқытудағыдай мазмұн мен мақсаттар негізінде құрылады.

Интернеттің ақпараттық ортасының және оның қызметінің мүмкіндіктеріне байланысты, қашықтан білім беруді жүзеге асыру ерекше болады.

Біз үшін қашықтықтан оқытудың маңыздылығы – білім берудің біртұтас ақпараттық жүйесін құру арқылы студенттердің білім деңгейін көтеру. Сонымен қатар әлемдік ақпарат кеңістігіне жол ашып, оқушылардың ғылыми және шығармашылық ізденістерін арттырып, білікті маман дайындап, оны өз игілігімізге жарата білсек, ұтар тұсымыз да сол болмақ. Бүгінде, информация өңдеу мен халықаралық деңгейде еңбек түрлерін бөлу әлемдік экономиканың ең негізгі ерекшеліктері болып отырған кезде, білім алу кез келген маманның жеке және кәсіби табысының негізгі көзі болып қала береді.

* * * * *

B00069 26.10.2020

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНУ

ҮМБЕТАЛИН СЕЙІЛ ЕРЖАНҰЛЫ

*Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Байқадам ауылы
Қорғантұз орта мектебі. География пәнінің мұғалімі*

Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі — әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жүзеге асыруға, жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар – шығармашылық, белсенділік, жауаптылық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды.

Бүгінгі күні оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау — оқу үдерісінің маңызды да салмақты бөлігі болып табылады. Сол себептен, зерттеу іс-әрекеттерін кеңінен қолданып, оқушылардың жетістіктерін бүгінгі күннің талабына сай жаңаша бағалау жүйесі қажет етіледі. Бұл жерде оқушылар өзін-өзі бағалау, бірін-бірі бағалау, топтық бағалауда оқу үдерісінің белсенді қатысушысы бола алады. Өйткені, дәстүрлі бағалау процесінде мұғалім оқушыға жауап бергені үшін немесе сабақ оқымағаны үшін және оқушы жетістігі басқа оқушы жетістігімен салыстырмалы түрде бағаланып келген болатын. Сол кезде оқушы қаншалықты әділ баға алғанын білмей келді, күмәнмен қарды. Бұл жағдайда білім алуға деген қызығушылықты жоғарылатуға мүмкіндік жасайтын бағалаудың нақты критерийлері, мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс болмады.

Бағалаудың жаңа әдісінде оқушы бағаны қандай критерийлер бойынша алғанын, келесі сабақтарда қандай критерийлерге көңіл бөлу керектігін ұғынады. Бұл жүйеде оқушының нәтижесімен бірге іс-әрекеті де бағаланады. Одан басқа оқушыларды бағалауда мұғалім түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана алады. Біріншіден, оқушының қызығушылығы артады, екіншіден, мұғалімнің жұмысы да жеңілдейді (оқушылар бірін — бірі бағалау, топпен бағалау, топты бағалау әдістерін қолданғанда)

Формативті бағалау оқушының әр сабақтағы іс — әрекетін бағалайды. Бұл жерде оқушының сабақтағы белсенділігі, еркін өз ойын білдіруі, сыныптастарына көмектесуі, бірлесіп жұмыс жасауы т.б.жатады. Формативті бағалау баға қоюмен жүзеге асырылмайды. Мақтау, мадақтау, жылы шырай таныту, қолдау көрсету, ынталандыру формативті бағалаудың түрлері болып табылады.

Формативті бағалау оқыту кезеңінде күнделікті қолданылады және сабақ барысында оқушылардың оқу танымдық әрекетіне басшылық жасайды. Формативті бағалау мұғалімнің жалпы немесе жекелеген оқушылар жұмысына жүйелі түрде бақылау жасау көмегімен жүргізіледі. Бағалаудың бұл түрі оқушылардың сынып немесе үй тапсырмаларын өз бетінше орындауға деген ниеттері мен берілген тапсырманы орындауға деген олардың қызығушылығы мен жауапкершілік сезімін ынталандыруда үлкен маңызға ие болады.

География сабағындағы қалыптастырушы бағалау оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған болса, жиынтық бағалау мақсатты баға қою немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару үшін қажет. Критериалды бағалау бойынша мысалы қалыптастырушы бағалауға тапсырма жасаған кезде оқу мақсаты сабақтың мақсатындағы мәселе Блум таксономиясының қай сатысы екенін анықтап алу қажет. Яғни, ойлау дағдыларының деңгейін сәйкестендіреміз. Оқу мақсаттарын ойлау дағдыларының деңгейімен және бағалау критерийлерімен сәйкестендіру маңызды рөл атқарады. Сабақты құрғанда оқу бағдарламасы мен оқу жоспарында көрсетілген оқу мақсаттарын басшылыққа аламыз.

География пәні көбіне ауызша жауаптары талап ететін болғандықтан жұптық, топтық, жеке жұмыстар арқылы табиғат құбылыстары мен заңдылықтарын сабақ барысында зерделеуге, зерттеуге жұмысын жүргізуге, болжамдар жасауға, өз пікірін дәлелдеуге, гипотеза ұсынуына, тіпті өзіндік кішігірім жаңалық ашуына мүмкіндіктер береді. География ғылымы-өте қызықты да күрделі ғылым. Жаңартылған білім мазмұнын география пәнінде жүзеге асыру үшін мұғалімнен үлкен шеберлікті, оған қоса ғылым мен техника жаңалықтарын, яғни жаңа педагогикалық технологияларды әр сабағында тиімді қолдануды талап етеді.

География пәні үшін басқа пәндермен салыстырғанда, картамен жұмысты талап етеді, сондықтан оқушылардың материктер мен дүние бөліктеріндегі және аралдардағы елдер мен халықтар жайында деректерді жинау, оларды сараптау, салыстыру, маңыздылығын бағалау басқа пәндермен байланыстыру оқушы үшін ерекше қызық. Мысалы: материктің қалыптасуын, дамуын және қазіргі табиғат жағдайындағы ұқсастықтарын, солтүстік және оңтүстік жарты шар материктерін бейне материалдан көрсету оқушының білімін кеңейтеді және пән туралы ұғымын қалыптастырады. Оқушылар оқулықпен жұмыс істеу барысында географиялық әдебиеттер мен карталар, сызбалар, суреттер, интернет ақпараттарын пайдалану арқылы бір-бірімен білім алмасып бір-бірінің оқушының ілгерлеуіне ықпал етеді.

* * * * *

B00070 26.10.2020

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ БИОЛОГИЯ ПӘНДЕРІНДЕ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

ШАУМЕНОВА ДИНА АДІЛХАНОВНА

*Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Байқадам ауылы
Қорғантұз орта мектебі. Биология-география пәні мұғалімі*

Биология – ХХІ ғасыр ғылымы. Сондықтан да ол жаңа ақпараттық технологиялармен тығыз байланысты. Қазіргі кездегі білім беру жүйесіндегі негізгі мақсат оқушыға жеке тұлға ретінде қарап оның дамуына көп көңіл бөлуде. Бұл пәнді оқыту мұғалімнен зор міндеттерді талап етеді, өйткені ол бүкіл сыныптың қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс. Қазіргі уақытта Қазақстанның жалпы орта білім беретін мектептердің барлығы дерлік интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген. Интерактивті әдіс диалогтік әдіс нәтижесінде сабаққа қатысушылар бір – бірімен байланыса отырып, мәселелерді шешеді. Интерактивті тақта мектеп сыныптарында әр пән бойынша, соның ішінде биологиядан зертханалық сабақтарды өткізген кезде оның құрылғылары қолданылады. Қарапайым тақта және компьютер проекторына қарағанда, интерактивті тақта сабақ мазмұнын кеңінен ашуына мүмкіншілігі өте зор. Интерактивті тақтаны пайдалану кезінде үлкен жетістікке қол жеткізу үшін, тек қана сауатты сабақ жоспарлап, керекті материалдарды дұрыс дайындау керек.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің оқу – тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Сонымен қатар мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа көптеген адами қабілеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді.

Мектептегі пәндерді оқыту процесінде компьютермен сабақ өткізу мұғалім мен оқушы қарым – қатынасы жүйесін, олардың іс - әрекетінің мазмұнын, құрылымын, өзгерте отырып, олардың мотивациялық эмоционалдық ортасына, сезімінің өсуіне әсер етеді.

Сабақта мұғалім интерактивті тақтаны бір емес бірнеше рет пайдалана алады, қарапайым тақтаға қарағанда интерактивті тақта пайдалануға ынғайлы, әрі уақытты үнемдейді.

Интерактивті тақтаны оқытудың басқа тәсілдеріне қарағанда көптеген жетістіктері бар. Бұл жетістіктер туралы өз сабағында интерактивті тақтаны пайдаланатын мұғалімдер айта алады. Мұғалім әріптестерімен бірге отырып сабақ беру мен уақытты үнемдеу ғана емес, сонымен қатар берілген материалдардың сапасын да арттырады.

Мұғалімдердің пайымдауынша инетраактивті бағдарлама олардың жартылай жұмысын атқарады. Мысалы, белгілі бір материалды инетраактивті тақтада орындау арқылы файлдағы белгілермен өзгерістерді сақтап қалуға, оны сабақта болмай қалған оқушыларды қайта түсіндіруге немесе келесі жолы тағы да қолдануға болады.

Мұғалім оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын меңгері, оны пайдалану арқылы өзінің материалдық базасын толықтырып, әрі уақытты үнемдейді.

Білім саласындағы міндеттерді жүзеге асыру үшін, мектеп ұжымында әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерді сабақтарында енгізіп отырады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқыту мен тәрбиелеуге тың әдіс-тәсілдер енгізілді. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиімді деп танылған жаңа технологиялары дүниеге келеді. Кез-келген оқыту технологиясы мұғалімнен терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді. Сондықтан оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын педагогтар ғана бүгінгі қоғамның мүддесі мен әр баланың үрдісінен шыға алады. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, жеке тұлғаны тек қана педагог қалыптастыра алады.

Биология пәнінен сабақ өту барысында инетраактивті оқыту технологиясын, яғни белсенді «Естігенді мен ұмытпаймын», «Істеген ісіме жауап беремін» әдістерін қолдану оқушыларды іс-әрекеттеріне дұрыс баға беруге тәрбиелейді.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында айтылғандай, Болашақ мамандарға сапалы білім беруге, әлемдік білім кеңестігінен мемлекетімізге лайықты орын алуға білім саласындағы қызметкерлерге тиісті жағдай жасауға айрықша мән беріледі. Ғалымдар жаңа технологияларды көптеп енгізуде. Себебі, жаңа оқыту технологияларын енгізу заман талабына сай білім беру бағыты өзгереді, өздігінен білім ала алатын логикалық пайымдай, талдай, қорытындылай алатын коммуникативті тұлғаны қалыптастыру қажет.

Жаңа ақпараттық технологияларды білім беру жүйесінде қолданудың ең маңызды факторы негізгі қозғаушы күші адам, сол себепті білімнің негізгі принциптері іске асырылады. Осыған байланысты адамның шығармашылық потенциалын дамыту үшін қажетті жағдай жасалу керек.

* * * * *

B00071 26.10.2020

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ

*ЕРЖАНОВА ГҮЛІМ СЕЙІЛҚЫЗЫ
Ақтөбе қаласы № 48 орта мектебі
География пәні мұғалімі*

Қазіргі уақытта «педагогикалық технология» оқытушының практикалық қызметінде іске асатын педагогикалық жүйенің логикалық негізделген жобасы. Қазіргі дүние жүзінде оқытудың тиімді жолдары мен жаңа әдіс- тәсілдерін іздестіру жүріп жатыр. Солардың бірі үздіксіз географиялық білім беру, оның алдына қойған негізгі мақсаты: біріншіден, адам өмірінің әр-түрлі кезеңдерінде үздіксіз білім алуға жағдай жасау. Екіншіден, адамдардың өз бетінше білім жинақтауға, шығармашылықпен қызмет етіп, тез өзгергіш өмірге бейімделуіне жағдай жасау. ТМД елдерінде үздіксіз географиялық білім беру жүйесін жолға қойған.

Жаңа технология жүйесінде мәнді ойындардың атқаратын маңызы зор. Мәнді ойын сабағында оқушылар әр-түрлі проблемаларды талдайды, оның шешу жолдарын іздестіреді. Ондай сабақтар оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады, оқуға қызығуын арттырады. Өмірде кездесетін әр-түрлі қиындықтарда дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелейді.

Ақпараттық оқыту барысында білім алу үрдісі мейлінше жекелеген сипат алады. Оқушылар өз бетімен анықтамалық материалды пайдалана алады және өзінің алған білімі мен біліктілігін тексеруге мүмкіндігі бар. Білім алуды ұйымдастыру жағдайыда әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар қарастырылған, оларды орындаудың техникалық жолдары әртүрлі. Бақылау бөлімінде тест тапсырмалары беріледі. Қазақстанның физикалық географиясы бойынша құрылған мультимедиялық оқыту бағдарламасының ерекшелігі – сарамандық тапсырмалардың интерактивтілігі және іс-қимылға құрылған. Электрондық оқулықтарды пайдалану жаңа компьютерлік технологиялардың барлық жетістіктерін пайдалану мүмкіндігімен ерекшеленеді, яғни мәтіндік материалға гиперсілтемелер, мультимедиялық және басқарылатын анимациялар, дыбысты қосарлап қамту, оқушылардың білім деңгейін бақылау жасауға жағдай бар. Олар физикалық-географиялық заңдылықтарды қозғалыс барысында көре алады: белгілі бір табиғи құбылыс туралы бейнекөріністі тамашалау, жер бедерінің көлемді бейнесін қарауға және т.б. мүмкіндік алады. Электрондық орта оқушылардың экспериментке бейімділігін, оқиғаларды байланысты қабілетін қалыптастыруға, білім алудың шығармашылық сипатын жасауға жағдай жасайды.

Тақырыпқа қатысты көптеген ақпараттық- анықтамалық басылымдар, карталардың «қорынан», «ұясынан» босатады.

Ақпаратты жүйелердің басты ерекшелігі географиялық ақпараттардың негізінде әртүрлі мәліметтерді біріктіруге мүмкіндік береді. Оқушылар компьютермен INTERNET торабы арқылы тақырыпқа қатысты көптеген мағұлыматтарды ала алады. Қазіргі ақпарат дәуіріндегі интернет жүйесі оқушылардың таным көкжиегін тіпті де кеңейтіп, ізденгіштігін арттыра түседі. Алайда мұғалім Internet торабын пайдалануда алдын-ала ескерту қажет:

Берілген тақырып бойынша адрестердің тізімін жинау;

Тақырып бойынша тақырыптар серверінің тізімін жинақтау;

Оқушыларға қажетті карталар, сызбалар, кестелер, суреттер және т.б. материалдарды алдын- ала таңдап алу;

Орындалатын практикалық жұмыстардың материалдарын әзірлеу;

Компьютердің және кеңінен қолданатын бағдарламалардың көмегімен кейбір тапсырмаларды орындауда уақытты ұтуға мүмкіндік береді. Оқытуда компьютерлік техниканы қолдану өз бетімен теориялық жолмен іздену негізінде шығармашылық типтегі іскерлікті қалыптастырады. Шығармашылық қабілеттің дамуы үшін жаңа мүмкіндіктер қағидасы ойлау теориясын ашады. Компьютерлік нұсқа әзірлеу оқушыларға мәнді жайтқа байланысты жан- жақты, өзінше тұжырым жасауға, оқиғаның құбылыстың өту жағдайына әсері сонымен қатар қол жеткен табыстарды ойластыруға мүмкіндік береді. Мұның бәрі оқу барысын зерттеуге және ғылыми тәжірибеге жақындастырады. Компьютерлік техниканы оқу барысында қолдану оқытудың әдістері мен түрлерін мазмұнын жасауға, оқу барысын басқаруды оңтайлы тұрғыда игеруге, т.б. мектепте білім берудің педагогикалық жүйесін заман талабына сай етуге мүмкіндік береді.

Географияны оқыту барысында ақпараттық технолгияларды қолдану мен құру саласында кеңістік ақпараттарды кезең бойынша тез жұмыс істеуге, өзімізге қажетті ақпаратты пландар мен карталардан іздемей- ақ, үлкен жылдамдықпен жету мүмкіндігіне сонымен қатар, мәліметтер базасындағы ақпаратты енгізу мен жаңарту үшін геодезияның қазіргі заманауи электрондық құралдарының анықтау жүйесін қолданып, ең жаңа дәл ақпаратқа қол жеткізе аламыз.

* * * * *

B00074 26.10.2020

СЮЖЕТНО-РОЛЕВАЯ ИГРА КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ ПОЛОЖИТЕЛЬНОГО ОТНОШЕНИЯ РЕБЕНКА

КУЛЕНБАЕВА САЛТАНАТ БАЛТАБАЕВНА
Шымкент қаласы № 27 "Сәт" бөбекжай бақшасы
Воспитатель

В методике развития речи особое место занимает работа, направленная на воспитание у детей любви к поэзии, ознакомление с поэтическими произведениями, развитие умений воспринимать и выразительно воспроизводить стихи. Заучивание стихотворений для дошкольников имеет огромную пользу: расширяется кругозор, рифма дает возможность обрести внутреннюю гармонию, развивается память, формируется культурный уровень маленького человечка.

В игре существуют два вида взаимоотношений — игровое и реальное. Игровые взаимоотношения отражают отношения по сюжету и роли. Если это роль Карабаса-Барабаса, то он в соответствии с этой ролью будет злобно относиться к детям. Реальные взаимоотношения — это взаимоотношения детей как партнеров, выполняющих общее дело. Находясь в среде детей, ребенок, естественно, тянется к ним, возникает соприкосновение, то или иное взаимодействие: побуждение достать игрушку, принять участие в действии другого и так далее. Это взаимодействие на первом этапе еще механическое — люди и вещи для играющего ребенка как будто находятся в равных условиях. Такое взаимодействие исчерпывается, когда удовлетворяется простая потребность в механическом контакте. Взаимодействия становятся глубже, когда игра соседа заинтересовывает ребенка своим содержанием, когда он стремится катать, бросать, ловить какие-то предметы, играть с куклой так, как это делает другой ребенок. Еще более сложный характер приобретает взаимодействие играющих детей по мере того, как возникает интерес к личности того или другого ребенка, рождаются симпатии и даже привязанности друг к другу. На этой основе возникают играющие группы детей и играющие коллективы. Это целая жизнь детской группы, детского коллектива.

Сюжетно-ролевая игра — это вид деятельности детей, в процессе которой они в условных ситуациях воспроизводят ту или иную сферу деятельности и общения взрослых с целью усвоения важнейших социальных ролей и выработки навыков формального и неформального общения.

Сюжетно-ролевая игра играет ведущую роль в формировании положительных взаимоотношений детей и формировании положительных морально-нравственных качеств личности старшего дошкольного возраста.

В процессе сюжетно-ролевых игр создаются условия для дальнейшего упрочнения нравственных представлений, чувств, качеств детей, которые формировались в быту. Совместная игровая деятельность стимулирует развитие организованности и ответственности каждого ребенка: нужно выбрать место для игры, сделать атрибуты, правильно распределить роли. В игре закрепляется умение вести себя так, как это принято: подать стул вошедшему, поблагодарить за услугу и т.д.

В игре проявляются такие волевые качества, как ответственность, целеустремленность, настойчивость и упорство в преодолении трудностей. Ребенок шести лет умеет поставить перед собой цель – самостоятельно подобрать материал, терпеливо довести начатое дело до конца. Игра хороша тогда, когда дети сами ее организуют, умеют руководить, подчиняться, оказывать помощь. По-прежнему любимыми остаются у детей старшей группы игры в семью, в детский сад, в больницу. В них ребята отражают различные отношения, характеризующиеся любовью, гуманизмом, здесь формируются такие качества, как доброта, заботливость.

В играх с куклами типа «День рождения куклы», «Приход гостей» эффективно воспитание гостеприимства, чуткости, доброжелательности. Педагог, включаясь в игру, показывает пример приветливой встречи гостей, умения их угостить. Полезно в игру включать куклу-младенца, сопровождая его появление беседой о том, как за ним ухаживать. Это способствует воспитанию нежности, заботливого отношения к маленьким и слабым.

Беседы воспитателя с детьми, в которых используются создавшиеся в игре ситуации, формируют у детей представления о честном, справедливом отношении друг к другу. Коллективные, слаженные отношения между большими группами играющих образуются тогда, когда появляется реальная потребность оказать помощь другому, возможность действовать в общих интересах. Таким образом, игра создает ситуации, в которых имеется реальная потребность взаимовыручки, зависимости друг от друга. Систематическое предложение ребенку таких поручений в игре, которые могут принести пользу другим детям, повышает ответственность ребенка, создает дружескую атмосферу в группе, предпосылки к преодолению отрицательных черт поведения.

Формирование правильных взаимоотношений включает развитие организаторских умений детей, инициативы, элементарного умения руководить и подчиняться. Дети старшей группы имеют очень смутное представление о правах и обязанностях организатора. Воспитатель учит детей приемам организации в игре, помогает каждому решать определенные организаторские задачи: сообща договариваться об игре, справедливо решать споры, в трудных случаях обращаться к педагогу. «Нужно уважать друг друга, выслушивать мнение товарища», – говорит воспитатель детям.

В процессе развития организаторских умений дети проявляют себя по-разному: одни не уверены в себе, предпочитают индивидуальные игры, малоактивны; другие активные, увлекающиеся, довольно ответственные, но не умеют и не любят подчиняться, с трудом уступают главные роли в игре; третьи – признанные организаторы, вожаки, играют интересно; они настойчивы, хотя нетерпеливы, упрямы, чаще других вступают в конфликты.

Эти особенности требуют индивидуальных приемов воспитания, чтобы все дети могли организовать игру, были сговорчивыми, уступчивыми, терпеливыми, уважающими чужую инициативу.

В сюжетно-ролевой игре ярче видны реальные взаимоотношения детей, поэтому здесь формирование организаторских умений наиболее эффективно, кроме того, создаются возможности для постепенного их усложнения. Прежде всего, в умении создавать условия для игры (место, материал), распределять роли, подчиняться тому, кто выполняет главную роль, принимать желающих, считаться с возможностями детей, в умении строить и вести игру. Но следует помнить, что старшие дошкольники еще не всегда сами могут придумать сюжет игры, длительное время развивать его. Поэтому воспитатель помогает разнообразить игру, включать в нее новые сюжетные линии и новых действующих лиц. Таким образом, создается большой коллектив, объединяющий ребят, занятых разными делами. И в каждой группе детей свой организатор.

Чем сложнее игра, тем сложнее в ней складываются взаимоотношения детей и ярче выступают умения договариваться, самостоятельно и справедливо разрешать конфликты, быть целеустремленными и дружными, т.е. те качества, без которых невозможно развитие организаторских способностей.

Успех воспитания различных нравственных качеств – в систематичности, возможном использовании любой педагогической ситуации.

Однако следует постоянно иметь в виду, что руководство ролевыми играми детей не должно превращаться в «натаскивание», когда воспитатель не только навязывает тему, сюжет игры, но и дает готовые рецепты поведения. Руководя игрой, нужно решать и развивающие, и воспитывающие задачи.

* * * * *

B00075 26.10.2020

РОЛЬ ПЕДАГОГА В СВЕТЕ ОБНОВЛЁННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

МАТКОВСКАЯ ЕКАТЕРИНА АНДРЕЕВНА

Город Караганда, КГУ СОШ № 8.

Учитель начальных классов

Век информационных технологий, век, который вносит свои коррективы в процесс образования школьников. Стратегические ориентиры развития образования определены Президентом Республики Казахстан Н.А.Назарбаевым в Послании народу Казахстана «Нұрлы жол – путь в будущее» и находят свое воплощение в рамках обновления содержания среднего образования Республики Казахстан. Изменения в сфере технологий, коммуникаций и науки предъявляют современные требования к учителям начальных классов, которые должны понимать свою роль в процессах обновления содержания образования и обеспечивать внедрение новых методов, стратегий, подходов в обучении учащихся начальных классов.

Главная задача учителя начальных классов – научить детей учиться, самостоятельно добывать знания и уметь применять их в конкретных жизненных ситуациях, помочь ребенку стать гармонично развитой, конкурентоспособной личностью, быть фальсификатором учебного процесса: как можно меньше говорить самому и давать больше возможности это делать ученикам, создавать комфортную среду для познания, направлять учебную деятельность школьника.

Перед нами возникают проблемы: Чему учить? Как учить, чтобы знания, полученные на уроке, помогли ученику стать конкурентоспособной личностью? Как повысить качество обучения младших школьников?

В поисках решения этих проблем складывается система работы. Проблема формирования и активизации учебно – познавательной деятельности особенно актуальна для начальной школы, так как именно в младшем школьном возрасте формируется и становится ведущей учебно – познавательная деятельность. От того, насколько успешно будет проходить её формирование, зависит успешность процесса обучения, развития личности в целом.

Как уже говорилось, учитель начальной школы обязан научить детей учиться, сохранить и развить познавательную потребность учащихся, обеспечить познавательные средства, необходимые для усвоения основ наук. Поэтому ставится цель – развивать познавательную деятельность учащихся посредством использования отдельных форм и методов обучения на уроках, выступающих как условие успешности обучения.

Одним из факторов активизации учебно-познавательной деятельности учащихся является разнообразие форм организации обучения. Необходимо включение учеников в активную деятельность, использование при этом разнообразных форм, методов познавательной деятельности. Всё это значительно расширяет учебно - воспитательные возможности урока.

Наиболее эффективным методом могут выступать нестандартные формы уроков. Но современный урок все больше и больше становится необычным по своей форме. Современная школа должна не только сформировать учащихся определенный набор знаний, но и пробудить их стремление к самообразованию, реализации своих способностей.

Это, уроки – путешествия, конкурсы, интегрированные уроки, уроки – сказки, тематические игровые уроки. Конечно, нестандартные уроки, необычные по замыслу, организации, методике проведения, больше нравятся учащимся, чем будничные учебные занятия со строгой структурой и установленным режимом работы. Поэтому практиковать такие уроки следует всем учителям. Им необходимо найти место в работе каждого учителя, так как они обогащают его опыт в разнообразном построении методической структуры урока. Использование ИКТ делают учебный процесс интереснее и эффективнее. Так интернет становится привычной средой обучения, поискам интересного материала к урокам, способствует обмену новыми знаниями и идеями.

В практике мы активно применяем технологию интерактивного обучения. Интерактивные методы и приемы обучения: мозговой штурм, ролевые игры, незаконченное предложение, работа в малых группах расширяют кругозор детей, способствуют развитию речи учащихся, раскрывают их потенциальные возможности и учат работать в группе.

Учащиеся, которые проявляют активность на уроке, накладывают обязательства на роль учителя. Происходит сдвиг от модели, где центральную роль выполняет учитель, к подходу, сконцентрированному на ученике. Также происходит сдвиг от учебы, определяемой конечным результатом, к учебе, где главную роль играет процесс. Эти изменения способствуют тому, чтобы учитель размышлял не только об основных принципах учебы и преподавания, но и об их роли в этом процессе.

В целом уровень казахстанского среднего общего образования должен соответствовать задачам развития государства и обеспечивать его конкурентоспособность в современном мире.

Хотелось бы, чтобы задания, которые используются на уроках и во внеурочное время, помогут учащимся оставаться любознательными, проявлять высокую познавательную активность и понять, что умственный труд – это большая радость.

* * * * *

C00007 26.10.2020

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ӘЛЕМДІК ӘДЕБИЕТ ПЕН МӘДЕНИЕТ АЯСЫНДА

КУНУСБАЕВА ВЕНЕРА НИСАМБАЕВНА

Алматы облысы, Көксу ауданы

Алғабас ауылдық кітапханасы. Кітапханашы

Абай Құнанбайұлы – ұлы ақын, философ, композитор, қоғам қайраткері, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, либералды білімді исламға таяна отырып, орыс және еуропа мәдениетімен жақындасу арқылы қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор.

Абай Құнанбайұлы 1845 жылдың тамызында Батыс Сібір генерал-губернаторлығы Семей уезі Шыңғыс болыстығында (қазір - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы) Тобықты руы болысының отбасында дүниеге келген. Әкесінің «Ибрахим» деп қойған есімін әжесі Зере немересін еркелетіп «Абай» деп атап кеткен, бұл «сақ, ойлампаз» дегенді білдіреді. Содан бері Абай, осы есіммен тарихқа енді.

Абай үйде жүріп молдадан алған оқуын кейін Семейдегі Ахмет Риза молданың медресесінде жалғастырады, онда араб, парсы және басқа да шығыс тілдерін оқиды. Ол бір уақытта орыс мектебінен де білім алады. Бесжылдық оқуының соңында өлең жаза бастайды, алғашқы өлеңдерін досы Көкбай Жанатайұлының атымен жазады. Әкесі Құнанбай Абайды он үш жасынан бастап билік-әкімдік қызметке тартады. Жиырма сегіз жасқа келгенде Абай болыстықтан бас тартып, бар уақытын жаппай өз білімін жетілдіруге жұмсайды, тек қырық жасында, есейгенде ғана жазған өлеңдерін алғаш рет жарыққа шығара бастайды.

Осы кезден бастап оның кемеңгерлігі ашыла бастады. Ол үлкен беделге ие болып, танымал болады. Оның айналасына ақындар, әншілер, жыршылар, дарынды жастар жиналып, әлеуметтік-философиялық және әдеби мектеп қалыптастырады.

Ол ақын ретінде қазақтың суырып-салма ақындығын классикалық поэзия деңгейіне көтереді, оның тақырыбын кеңейтіп, бұған дейін беймәлім болып келген тың жанрлар мен өлең түрлерін енгізеді. Ол дәстүрлі сырт сипат пен көпсөзді құр мақтаулардан бас тартып, адамның ішкі сезімін, көпқырлы дүниенің терең ағыстарын аша түсетін терең әлеуметтік-философиялық лирика жанрын құрады. Шығыс поэзиясына тән нәзіктік, әуезділік, ойнақылық батыс әдебиетіне тән жіті зерттеуші зердемен байыды. Азаматтық кемелділікке, стильдік әр алуандыққа, әлеуметтік пайымға ие, жарқын көркем әр алуандылығы бар

Қазақ халқының ұлы перзенті Абай Құнанбайұлы теңдессіз шығармаларын мұра ретінде ұрпағына қалдырды. Оларда оның бар өмірі, жарқын болашақ туралы арманы бейнеленген. Оның жалынды өлеңдері мен дана «Қара сөздері» ешқашан күшін де көкейтестілігін де жоймақ емес. Ұлы қазақ ақыны, әрі ағартушысының туындылары әлемнің 30-дан астам тілдеріне аударылған. Ақын есімімен әлемнің көптеген қалаларында көшелер аталып, оның құрметіне ескерткіштер орнатылған.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдық сананы қайта түлетудің маңыздылығы туралы айтты. Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналды. Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз.

Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор деп есептеймін. Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады.

Қазіргі өркениетті мемлекеттердің барлығы дерлік шоқтығы биік тарихи тұлғаларымен мақтана алады. Олардың қатарында саясаткерлер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, қолбасшылар, ақын-жазушылар, өнер және мәдениет майталмандары бар. Қазақ жұрты да біртуар перзенттерден кенде емес. Солардың ішінде Абайдың орны ерекше.

Әлемдік мәдениетте Абайды қаншалықты жоғары дәрежеде таныта алсақ, ұлтымыздың да мерейін соншалықты асқақтата түсеміз. Бүгінгі жаһандану дәуірінде, ақпараттық технологиялар заманында Абай сөзі баршаға ой салуы тиіс.

Дүние жүзінде ғылым мен білімнің түрлі салаларын дамытуға зор үлес қосып, бүкіл адамзатқа ортақ ойшыл ретінде танылған тұлғалар баршылық. Мысалы, Қытай дегенде Лао-цзы мен Конфуций, Ресей дегенде Достоевский мен Толстой, Франция дегенде Вольтер мен Руссо бірден ойға келеді. Сол сияқты шетелдіктердің бәрі бірдей Қазақстан дегенде бірден Абайдың есімін атайтындай дәрежеге жетуіміз керек. Өзге жұрт «Қазақ халқы – Абайдың халқы» деп бізге ілтипат білдіріп отырса, зор мәртебе болары анық.

Абайды қалай дәріптесек те жарасады. Оның ғибратты ғұмыры мен шынайы шығармашылығы – қазақ халқына ғана емес, жаһан жұртына да үлгі-өнеге. Абайдың адам мен қоғам, білім мен ғылым, дін мен дәстүр, табиғат пен қоршаған орта, мемлекет пен билік, тіл мен қарым-қатынас туралы айтқан ой-тұжырымдары ғасырлар өтсе де маңызын жоғалтпайды. Өйткені ақынның мұрасы – бүкіл адамзат баласының рухани азығы.

* * * * *

C00008 26.10.2020

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ РӨЛІ

ДӘРІПХАН АМАНГЕЛДІ
СҚО, Петропавл облысы, Ғ. Мүсірепов ауданы
Новоишим Аудандық өнер мектебінің
"Қобыз" сыныбының мұғалімі

XXI ғасырда ғылым мен технология жетік дамыған. Табиғат құбылыстары және оның заңдары осы күнге дейін адам баласын ойландырып, толғандырып, анықталмаған, сыры ашылмаған дүниелерге ақиқаттың түбіне бар сана-сезімімен, білімді де тәжірибелі ақыл-ой парасаттылығымен жетуі әрқашанда үлкен жетістік болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім жүйесінде жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен қолданыла бастады. Ақпараттық технологияларды және компьютерлік желі арқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңейтіліп келеді. Жаңа ақпараттық технологияларды білім жүйесінде қолданудың ең маңызды факторы негізгі қозғаушы күші — адам, сол себепті білімнің негізгі принциптері іске асырылуы тиіс. Осыған байланысты адамның шығармашылық потенциалын дамыту үшін қажетті жағдай жасалуы тиіс. «Білім саласындағы жаңа коммуникациялық технологиялар» түсінігі компьютерлік техника және электрондық анықтамалық жүйелері мен адамның әрдайым жаңа оқыту әдістерін ізденуінен пайда болады. Оны оқыту әдіс-тәсілі уақыт талабына сай өзгеруде. Қазіргі уақытта дидактикада инновациялық оқыту кеңінен қолданылуда. Инновация – бұл жаңалықтардың таралуы және құрылуы. Қазіргі педагогиканың негізгі тенденциясы оқытуды өнеркәсіптік-технологиялық процесске айналдыру үшін дидактикалық жолын және құралын табу болды.

Бұл ізденіс «педагогикалық технология» деген ұғымға әкелді. XXI ғасырда ақпарат жүйелерінің өркендеп, ғарыштап дамып келе жатқанын білеміз, өнеркәсіп пен ортаның дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстар табылады. Сауатты өмір – дамудың жаңа фазасына енеді, бұл жаңа сауатты оқыту технологиясын құруға біртіндеп көшуді талап етеді. Оқытудың жаңа технологиясына көшу ұзақ уақыт алады. Компьютерлік технология білім ортасына ене отырып, оқыту процесін жақсарту үшін құралдар мен әдістерді қолдануға әкеп соқтырады. Негізгі базалық білім беру аймағында қызмет көрсету жағынан да қашықтан оқыту мүмкіндіктері үкімет тарапынан қолдау тауып жатыр. Осы технологияны пайдалану ауылдық жерлерді де жылдам ақпараттандыруға көмектесуде. Оқыту процесінде қолданылатын жаңа әдістердің бірі қашықтан оқыту әдісі болып табылады.

Қашықтан оқытуда екі компонент бар: оқытуды басқару және өз бетімен білім алу. Мұғалімдердің алдын – ала дайындау және ұйымдастыру шаралары жүргізілмесе, программалық қамтамасыз етілмесе оқушылардың білімі жоғарламайды. Өйткені оқушының білімін, үлгерімін көтеруіміз үшін оқытушының біліктілігін көтеруіміз керек. Қашықтан оқыту бұл мұғалімнің біліктілігін көтереді, оқушының өз бетімен білім алуын қалыптастырады, ата-аналардың жаңа технологияға деген көзқарасын өзгертеді.

Қашықтан оқытудағы мұғалімдердің біліктілігін көтерудегі артықшылықтары:

- экономикалық, оқытуға кететін жалпы шығыны 40% кемиді;
- коммерциалық, қашықтан оқыту, технологиясы және оны қолдану болып табылады, оған деген сұраныс күннен-күнге өсуде;
- педагогикалық, оқыту мотивациялық, интерактивті, технологиялы және индивидуалды болып келеді;
- эргономикалық, қашықтан тыңдаушылар және мұғалімдер айналысуға өзіне ыңғайлы уақыттың кестесін қоюға мүмкіндігі бар;
- коммуникативті, электронды желілері арқылы байланысатын педагогтардың, тыңдаушылардың мамандықтар саны көбеюде.

Мұғалім оқушының ішкі жан – дүниесінің сырын ашып, оның симпатикалық ынтасының дамуына жағдай тудырып отырады. Қазіргі заманда білім жүйесінің заман талабына, уақыттың сұранысына қарай ғарыштап дамуы, әрбір педагогтан сабақты ғылыми жобада жасауын талап етеді. Сабақты ғылыми жобада жасай білген мұғалім оқушы жүрегіне жол тауып, оның сабаққа деген қызығушылығын арттырып, мұғалім мен оқушы арасында түсінушілік пайда болады. Мұғалімнің коммуникативті дамуы: оқушыларды тыңдау, олардың көзқарасын түсіне білу, сын жасай білу, әңгіме, ұйымдастыра білу керек.

Әрбір мұғалімнің бойында шартты рефлексиялық қасиеттер қалыптасуы керек: балаларды оқытуды өзінің тәсілін жұмысында қолданып, қиын жағдайларда шешімін тауып, шыға білу керек. Қашықтан оқыту курсы осыған бағытталған. Қашықтан оқытуды екі негізгі бөлікке бөлуге болады: техникалық және дидактикалық. Оның құралы болып телекоммуникациялар, аудио және видео жазбалар, жергілікті және ауқымды компьютерлік желілер. Ұйымдасқан – дидактикалық құрылымда қашықтан оқыту оқытудың негізгі компоненті болып табылады, оқушылардың өз бетімен білім алуы.

Ақпараттық технология жақсы дамығанымен ол оқытудың басты құралы болып есептелмейді. Ол үшін оқу бағдарламасында және оқыту әдістеріне өзгеріс енгізу керек. Жаңа технологияны қолдану мұғалімдерге дайындық жұмыстарына көп уақытты керек етеді. Әрбір мұғалімнен ізденуді, шығармашылық жұмыс жасауды, алыс – жақын шетелдердің озық

тәжірибелерімен танысуды және оның күнделікті өмірде қолдануды қажет етеді. Бұл оқыту құралының күштілігі соншалықты, онымен бірге басқа колледждермен оқытудың жаңа түрлерімен, оқыту әдістерімен алмасады. Колледжде телекоммуникация тақырыбын оқыту мүмкіндігі бар. Әдістемелік кешен, мұғалім мен оқушыға қажетті бағдарлама, қазақ тіліндегі оқулықтар мен көмекші құралдары жеткіліксіз. Пән мұғалімдерінің Интернетті осы уақытқа дейін аз қана пайдаланып, тіпті қолданбағандары да бар. Колледждер жаңа ақпараттық технологиялармен жабдықталғанымен, мұғалімдердің осы тақырып бойынша білімін жоғарылататын, яғни мұғалімдерді дайындайтын курстар жеткіліксіз. Ал, жалпы білім беру ісі жөнінен басқа озық елдердің тәжірибесін зер салып отыру, өзінің білімін жоғарылату, жаңашылдық, озат тәжірибе, компьютерлік коммуникацияны үйрену – әрбір пән мұғалімінің кәсіптік міндеті, қажетті парызы. Қаншалықты барлық құралдар жеткілікті болғанымен, пән мұғалімінің білімі төмен болса, оқушылардың телекоммуникация жөніндегі білімі төмендеп, болашақта Қазақстандағы телекоммуникациялық ортаның дамуына әсерін тигізеді.

Білімнің қайнар көзі оқулықта. Кітапханалар, оқу кітаптарының жетіспеушілігінен оқушылардың білімдері толық жеткілікті емес. Қазіргі кезеңде оқулықтар теориясы, оқытудың жаңа ақпараттық технологияларымен жобалау әдістемесі жасалуда.

Оқушылар қашықтан оқу арқылы өз білімдерін жетілдіре алады және ақпарат жүйелерін пайдалану мүмкіндігі артады. Мысалы керекті әдебиеттер мен оқу кітаптарын іздеу, бақылау және тестік тапсырмаларды орындау, лабораториялық жұмыстар, дайын баяндамалар, қашықтан олимпиадаға қатысу оқушының шығармашылық потенциалының дамуына әсер етеді.

Қорыта келе айтарым – оқу процесінде ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолданысқа енгізу техникалық жағынан да, психологиялық жағынан да күрделі мәселе болып табылады.

* * * * *

C00010 27.10.2020

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПКЕ ДАЯРЛАУДА МНЕМОТЕХНИКА ӘДІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

КАПАРОВА ЖУЛДУЗ САЙРАНОВНА
СҚО, Петропавл қаласы, Қазақ мектеп-гимназиясы
Даярлық сынып тәрбиешісі

Балалардың сөйлеу құзыреттілігі дұрыс және сөздік қоры бай болса, оларға өз ойын жеткізу оңайға түседі, қоршаған ортаны танудағы мүмкіндіктері кеңейеді, психологиялық дамуында белсеніс күшейеді.

Сондықтан баланың сөйлеу құзыреттілігін қалыптастыруды уақытылы қолға ала отырып, анық әрі дұрыс сөйлеуін қадағалау керек. Балалардың сөйлеу құзыреттілігінің дұрыс өз деңгейінде жетілуі, оның ата-аналарын да, тәрбиешілерін де толғандыру қажет.

Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорын молайту, ауызша сөйлеуге үйрету, күнделікті іс-әрекет кезінде тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берген. «Ойнай білмеген, ойлай да білмейді», «Ойында озған, өмірде де озады» деген халық даналығында аталы сөздер бекер айтылмаса керек.

Ойынның негізгі мақсаты – балалардың зейінін, сөздік қорын, есте сақтауын, қабылдауын дамытуға, өзінің құрбыларының іс-әрекетін бағалауға, құрметтеуге, өз ісін дәлелдей білуін анықтау, қалыптастыру болып табылады.

Мнемоника(гр. mnematik - есте сақтау өнері) - табиғи ассоциациялар жасау көмегімен есте сақтауды қамтамасыз ететін, жасанды түсініктер арқылы қажетті мәліметтерді еске сақтауды жеңілдететін ережелер мен тәсілдер жиынтығы. Мнемоника таңбалары сақталып қалған не топталған бірнеше зат арқылы, солардың суреттерінен көрінуі мүмкін. Мысалы, садақ – соғыстың, соғыс жариялаудың мнемоника таңбасы. Қазақстанның таулы аудандарында танбалы тастар көп, солардың бетіндегі қолына найза, садақ ұстаған адамдар мен әр түрлі аң суреттері ерте замандағы аң аулау көрінісін еске түсірегін мнемоникалық таңбалар болып табылады. Мнемотехникалық әдіс балалардың сөз материалын есте сақтауда қалдыру үшін қолайлы. Сонымен қатар дыбыстық және көру қабілеттері де дамиды. Мектепке дейінгілердің жас ерекшеліктеріне қараса, осындай қорытындыға келуге болады, сөйлейтін суреттерді пайдалану әңгіме құрастырғанда, өлең, логоритмикалық жаттауда жеңілдетеді және есте сақтау процесін тездетеді. Есте сақтаумен жұмыс әдістерін қалыптастырады. Есте сақтауды бекітудің ережесінің бірі былай дейді: «Жаттағанда жаз, сызба, диаграммалардың суретін сал, кестелерді сыз».

Сөйлейтін суреттер, сипаттау сызбалары қызығушылық тудырады және проблеманы шешуге көмектеседі. Таңбалы рәміздер дегенімліз не? Бұл объекттің абстрактылы қорытылған немесе графикалық бейне. Графикалық аналогия – бұл солардың белгілеріне жалпы бойынша бірнеше бейнелердің немесе бейненің жүзеге асатын рәмізбен қандай болсын таңбасы.

Мнемотехника– бұл есте сақтауды дамытатын технология.

Мнемотехника – бұл көркем шығармаларды тез есте сақтау және қабылдауға қолданатын әдістер мен тәсілдер жүйесі. Мектеп жасына дейінгі балаларда мнемотехнологияны пайдалану қазіргі таңда өте тиімді. Балалармен жұмыс істеуде дидактикалық материалдар ретінде мнемокестелерді пайдалану ерекше орнын алады.

Мнемотехникалық әдіс – өлеңдерді, алогоритмикалық жаттығуларды жаттаудың, әңгімелерді сипаттаудың әдістемесі. Осы жастағы балаларға өлеңдер жаттауда сөйлейтін суреттерді қолданған қолайлы. Өлең жаттауда әр сөзді рәміздермен алмастыруға болады. Кейбір жағдайда сөйлемді бір сызбада көрсетуге болады. Заттардың сынын, күйін, әрекетін білдіретін суреттерді құрастырғанда толық түсіну үшін балалармен бірге ойнау қажет және эмоциялы деңгейде әрекетті көрсетуге болады. Мектепке дейінгілерді өлеңдерді мәнерлеп жаттауға, шығармаға сай ырғақты сақтауды үйретеді. Балалармен бірге қайталағанда педагог интонацияға, дикцияға, дем алуына назар аударады.

Тілді дамытудың соңғы нәтижесі, ол – ең кереметтің, күштінің және қиынның көрінісі, яғни адам өз тілінің, өзінің байланыстырып сөйлеу тілінің жемісі болып саналады. Байланыстырып сөйлеу тілі сөз қорының байлығын, тіл заңдылықтары мен мөлшерін, яғни грамматикалық құрылымын меңгеру, сонымен қатар оларды тәжірибеде қолдануға әкеледі, ал тәжірибелік білім тіл материалын меңгере білуіне, соның ішінде толық, байланыстыра, бірізділікті және қоршаған ортадағы жағдайларды қарастыруда дайын мәтіннің мазмұнымен немесе өз бетімен байланыстырап мәтін құруға итермелейді. Балабақшада балаға білім берудің жетістігі ретінде ең маңызды және ең алғашқы жағдай ол – баланың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Бала байланыстырып сөйлеуді жақсы меңгерсе ғана кез келген сұраққа толық, мәнді жауап бере алады. Ғалымдардың зерттеулері бойынша мектепке дейінгі және кіші жастағы балалардың тілін дамыту тек қарапайым ситуациялық түрде ғана көрінеді. Бала мақсатсыз түрде ойындағы жалғыз бір көріністі бір ғана сөзбен сипаттайды. Басқа да ой елегінен өткізіп, толық, мәнді айту оның ойына келмейді, тек сұрақты жаудыртсаң ғана сол сұрақтарға нақты жауап беруге тырысады не бірден ойын толық жеткізуге тартынады. Сол себептен балада өзіне деген сенімсіздік пайда болады. Балаға өз ана тілін меңгерту мектепке дейінгі берілер білімнің маңыздысы болып табылады.

* * * * *

C00011 27.10.2020

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ РӨЛІ

РЫСТЫБАЕВА ГҮЛМАРИЯ

*Түркістан облысы, Созақ ауданы, Жартытөбе ауылы
Кемелұлы мектебі. Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі*

Білім беруді жетілдірудің осы бағытындағы маңызды фактор болып оқушылардың қазіргі және болашақта қолданылатын информациялық коммуникациялық технологияларды (ИКТ) пайдалану арқылы оқуға деген өз ынтасын (мүмкіндігін), өздерінің жеке басының когнитивті іс-әрекет жасауға икемділігін қалыптастыру ісі саналады. Мұғалімдер мен оқушылар жаңа білім игерудің, өзіне қажет әдістердің, жаңа ақпараттық технологиялардың куәгері немесе қатысушысы боларда, дискуссияға қатысарда, тамаша бір әдістеме немесе лабораториялық жұмыс көрерде осы интерактивті теледидардың маңызы зор. Қашықтан бұл формасының мамандар дайындау мен квалификациясын көтеруде маызы зор, бірақ қазіргі таңда бұл өте қымбат технология болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңдылық сипаты, қазіргі заманға сай ақпараттандыру, электрондық оқулықтарды, компьютерді, бейне таспаларды, мультимедиялық кабинет, интербелсенді тақта тағы басқа арқылы оқытудың жаңа технологиясының әлемдік және отандық үлгілерін таңдап, сабақ барысында пайдалана білу – бүгінгі заманның талабы.

Біз үшін қашықтықтан оқытудың маңыздылығы – білім берудің біртұтас ақпараттық жүйесін құру арқылы студенттердің білім деңгейін көтеру. Сонымен қатар әлемдік ақпарат кеңістігіне жол ашып, оқушылардың ғылыми және шығармашылық ізденістерін арттырып, білікті маман дайындап, оны өз игілігімізге жарата білсек, ұтар тұсымыз да сол болмақ.

Бүгінде, информация өңдеу мен халықаралық деңгейде еңбек түрлерін бөлу әлемдік экономиканың ең негізгі ерекшеліктері болып отырған кезде, білім алу кез келген маманның жеке және кәсіби табысының негізгі көзі болып қала береді. Білімнің адамның жұмысқа тұру мен өмір сүру деңгейіне тигізетін әсері бұрынғыға қарағанда анағұрлым күшейе бастады. Әрине, білімге қойылатын талаптар да өзгеріске ұшырады: әрбір жанның негізгі білімі мен оның тұрақты жаңарып отыруымен қатар қазіргі маман информациялық қорларды табысты пайдаланып, заң және экономика негіздерін де игеруі тиіс.

Қазіргі мамандардан шығармашылық тұрғыдан ойлай білуі, соның негізінде шешім қабылдауы және өмір бойы оқып үйренуі талап етіледі. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың келесі тәсілі компьютерлік телекоммуникацияны,

электрондық почта, телеконференция, аймақтық және интернет желісінің ақпараттық қорларын пайдылануды ұсынады. Бұл қашықтан оқытудың кең тараған әрі арзан түрі.

Қашықтан оқытудың әсерлі болуы оқушылармен бірге интернетпен жұмыс істейтін мұғалімге тікелей байланысты. Бұл мұғалім: қазіргі заманғы ақпараттық және педагогикалық технологияны меңгерген, оқушылармен бірге желідегі жаңа оқу-танымдық ортада жұмыс істеуге психологиялық тұрғыдан дайын болуы керек.

Қашықтықтан оқытудың маңыздылығы – білім берудің біртұтас ақпараттық жүйесін құру арқылы студенттердің білім деңгейін көтеру.

Сонымен қатар әлемдік ақпарат кеңістігіне жол ашып, оқушылардың ғылыми және шығармашылық ізденістерін арттырып, білікті маман дайындап, оны өз игілігімізге жарата білсек, ұтар тұсымыз да сол болмақ. Бүгінде, информация өңдеу мен халықаралық деңгейде еңбек түрлерін бөлу әлемдік экономиканың ең негізгі ерекшеліктері болып отырған кезде, білім алу кез келген маманның жеке және кәсіби табысының негізгі көзі болып қала береді.

Білімнің адамның жұмысқа тұру мен өмір сүру деңгейіне тигізетін әсері бұрынғыға қарағанда анағұрлым күшейе бастады. Әрине, білімге қойылатын талаптар да өзгеріске ұшырады: әрбір жанның негізгі білімі мен оның тұрақты жаңарып отыруымен қатар қазіргі маман информациялық қорларды табысты пайдаланып, заң және экономика негіздерін де игеруі тиіс. Қазіргі мамандардан шығармашылық тұрғыдан ойлай білуі, соның негізінде шешім қабылдауы және өмір бойы оқып үйренуі талап етіледі.

Функциональдық дайындау тұжырымдамасынан жеке тұлғаны дамыту тұжырымдамасына ауысу. Бұл ауысудың негізі тек приоритеттер ауысуы ғана емес, мұнда мамандарды мемлекеттік тапсырыс бойынша дайындаудан жеке тұлғаның талаптарын қанағаттандыруға көшу жүзеге асырылады.

Жаңа тұжырымдама әрбір нақты адамның өз мүмкіндіктерін есепке ала отырып, соны іс жүзінде көрсету мен жетілдіру арқылы білім беруді жекелеп жүргізудің сипат алғанын көрсетеді. Бұл оқушылардың және мұғалімдердің өздерінің әртүрлі жеке мүмкіндіктеріне сәйкес алуан түрлі білім беру бағдарламаларын жасау арқылы іске асырылады. Білім беруді жетілдірудің осы бағытындағы маңызды фактор болып оқушылардың қазіргі және болашақта қолданылатын информациялық коммуникациялық технологияларды (ИКТ) пайдалану арқылы оқуға деген өз ынтасын (мүмкіндігін), өздерінің жеке басының когнитивті іс-әрекет жасауға икемділігін қалыптастыру ісі саналады.

* * * * *

C00012 27.10.2020

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ

СЕЙТЖАНОВА АСЕЛЬ КУАНТАЕВНА

Актюбинская область, Хромтауский район

Коктауская средняя школа. Учитель начальных классов

Дистанционное обучение (ДО) – это процесс передачи и формирования ЗУН с помощью удаленного взаимодействия между учеником и учителем. Тема актуальна, ведь современной школе необходимо:

- предоставить полноценное образование для детей с ОВЗ;
- содействовать развитию программ для одаренных детей;
- обеспечить всем ученикам доступ к образовательным ресурсам;
- организовать учебный процесс для сельских жителей и удаленных регионов, где есть проблемы с кадрами;
- создать условия для качественной профориентации учеников старших классов.

Другим аспектом является необходимость усвоения учениками школьных знаний на время карантина, болезни, стихийных бедствий. Все эти проблемы в условиях глобализации ДСО решает на расстоянии в прямом смысле слова.

Дистанционные системы обучения реализуют принцип доступности образования и предоставляют возможности:

- взаимодействия учеников, учителей и родителей;
- получения дополнительного образования и творчества;
- информационно-методической поддержки учащихся;
- возможности создания образовательных групп и групп по интересам;
- организации олимпиад, конкурсов;
- коммуникации с другими образовательными учреждениями и обмена опытом;
- оптимизации процесса обучения;
- более эффективной подготовки к ЕНТ;
- упрощения схемы оценки знаний;
- непрерывности процесса образования педагогов;
- снижения ресурсных затрат.

Удаленная поддержка позволяет организовать процесс в отсроченном режиме и online. Благодаря этому можно организовывать конференции, форумы, вебинары, блоги, а также практикумы и тестирования для учеников.

Современное дистанционное обучение строится на использовании следующих основных элементов:

- среды передачи информации (почта, телевидение, радио, информационные коммуникационные сети),
- методов, зависящих от технической среды обмена информацией.

В XXI веке перспективным является интерактивное взаимодействие с учащимся посредством информационных коммуникационных сетей, из которых массово выделяется среда интернет-пользователей. В 2003 году инициативная группа ADL начала разработку стандарта дистанционного интерактивного обучения SCORM, который предполагает широкое применение интернет-технологий. Введение стандартов способствует как углублению требований к составу дистанционного обучения, так и требований к программному обеспечению.

Министр образования и науки Казахстана Асхат Аймагамбетов рассказал, как учителя будут оценивать знания школьников во время дистанционного обучения. По словам министра, на каждом уроке учитель будет давать задание, которое ученик должен будет выполнить самостоятельно или вместе с педагогом.

При этом дополнительно к этому заданию учителя ничего задавать не будут. Министр отметил, что подобная система была выработана по итогам анализа обучения в четвертой четверти прошлого учебного года.

"Учитель будет оценивать то задание, которое уже было задано для выполнения учащимся. Четвертная оценка складывается из нескольких переменных: формативное оценивание - 25%, суммативное оценивание за раздел (COP) - 25%, еще 50% - это суммативное оценивание за четверть. Из этого складывается общая картина и четвертная оценка, которая будет выставляться нашим детям", - заявил министр.

* * * * *

МАЗМҰНЫ

- УМБЕТАЛИЕВА ЛЯЙЛЯ КОНУРБЕКОВНА
- ЕСЕНОВА ГУЛДАУРЕН ЖУНЕЛБЕКОВНА
- ҮМБЕТАЛИН СЕЙІЛ ЕРЖАНҰЛЫ
- ШАУМЕНОВА ДИНА АДІЛХАНОВНА
- ЕРЖАНОВА ГҮЛІМ СЕЙІЛҚЫЗЫ
- КУЛЕНБАЕВА САЛТАНАТ БАЛТАБАЕВНА
- МАТКОВСКАЯ ЕКАТЕРИНА АНДРЕЕВНА
- КУНУСБАЕВА ВЕНЕРА НИСАМБАЕВНА
- ДӘРІПХАН АМАНГЕЛДІ
- КАПАРОВА ЖУЛДУЗ САЙРАНОВНА
- РЫСТЫБАЕВА ГҮЛМАРИЯ
- СЕЙТЖАНОВА АСЕЛЬ КУАНТАЕВНА